

**Қазақ тілі 2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру үйімі : ЖШС "Iskakov Trade" мини-центр "Ақбота"

Топ: мектепалды топ «Алғыр»

Балалардың жасы: 5 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қантар айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қантар	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none">- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуда үйрету;- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. <p>Тілдік дамытуши орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуда дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор. Аңшылық кесіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауда, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.</p>